

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 188 "Бейнеу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 27 қаулысы . Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 наурызда № 4543-12 болып тіркелді

Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бейнеу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 188 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4263 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1- қосымшада:

реттік нөмірі 1 жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

1	Бейнеу ауылының Қ. Сәтпаев пен Қарағайлы көшелерінің қиылысында (Қарағайлы көшесінің № 69 А тұрғын үйге қарама қарсы)	600 шаршы метр	5 жыл	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ	Ауыл шаруашылығы өнімі	автодүкен; автомат; дүңгіршек; жылжымалы сөре; шатыр (павильон).
---	---	----------------	-------	---	------------------------	--

"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейнеу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Б. Абилов